

Жер салығының мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 ақпандағы № 383 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 01 сәуірде № 5430 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 174 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 28.02.2018 № 174 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабының 1-тармағына және 386-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

1 тармағы қолданысы 2018.01.01 дейін - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2017.08.28 № 118 шешімімен тоқтатылды.

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде жер салығының мөлшерлемелері **50 пайызға жоғарылатылсын.**

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жер салығының базалық мөлшерлемелері **бес есеге жоғарылатылсын.**

2-1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері **бес есеге жоғарылатылсын.**

Ескерту. Шешім 2-1-тармақпен толықтырылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 17.03.2017 № 101 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. "Жер салығының мөлшерлемелері туралы" аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 26 қарашадағы кезектен тыс XLVI сессиясының № 343 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылғы 10 желтоқсанда № 5259 болып тіркелген, 2015 жылғы 19 желтоқсанда "Тіршілік тынысы" газетінің № 98 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен
тыс ІІІ сессиясының
төрағасы:

Ш. Зетов _____

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Қаржы
Министрлігінің мемлекеттік кірістер
комитеті Қызылорда облысы бойынша
мемлекеттік кірістер Департаментінің
Сырдария ауданы бойынша мемлекеттік
кірістер басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Б.Дүйсенов

"29" ақпан 2016 жыл.

Аудандық мәслихаттың
хатшысы:

Б. Маншарипов _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК